



БҰЙРЫҚ

2024 ж. 05.06. К-8

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

город Актюбе

**Коммуналдық меншіктің
кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 296 «Облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге өкілеттіктер беру туралы» және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 маусымдағы № 171 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ Ережесіне сәйкес, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 4/5801 хатының және Мәртөк ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы № 2 қаулысының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес мүлік Мәртөк ауданының коммуналдық меншігінен Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне қабылдансын және «Мәртөк аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еркемай» балабақшасы» МКҚК тенгеріміне берілсін.

2. Мәртөк ауданының әкімдігі және «Мәртөк аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еркемай» балабақшасы» МКҚК осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес мүлікке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алым-берім актісін жасасын.

3. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ коммуналдық мүлікпен жұмыс бөлімі (А. Нуримова) осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ басшысының орынбасарына (А.Айдарбеков) жүктелсін.

Басқарма басшысы

Н. Өнербаев

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысының әкімдігі
«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ
010010 Ақтөбе қаласы.



БҰЙРЫҚ

№ 02-192 ПРИКАЗ

2024 жылғы 05 қаңтар

05 января 2024 год

**Г.Ш. Ширжановаға міндеттерді
жүктеу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 111 бабының 1 тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «№10 «Еркемай» бөбек-бақша» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әдіскері Ширжанова Гулшат Шыхбайқызы 2024 жылдың 05 қаңтардан бастап сенімгерлік басқарудан «Ақтөбе облысы білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне берілуіне байланысты бөбекжай бақшасының меңгерушінің уақытша міндетін атқарушы сабақ беру құқығымен болып тағайындалсын және бірінші қол қою құқығы берілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы



Н.Ашимов